

Сәтбаев қаласы әкімдігі қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 27 сәуірдегі № 13/91 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының негізінде қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 05/03 "Сәтбаев қаласының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3024 болып тіркелген , "Шарайна" газетінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 10 (2148) нөмірінде және 2015 жылғы 10 қыркүйектегі "Әділет" ақпараттық-құқық жүйесінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.А. Кимге жүктелсін.

Қала әкімінің міндетін атқарушы

А.А. Ыдырысов